

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің «6D020200- Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған  
Токеева Асель Амантаевнаның  
«Стратегиялық әріптестік Қазақстан мен Қытай арасындағы қатынас формасы ретінде» атты диссертациясына

## ШКІР

Ізденуші А.А.Токееваның зерттеу тақырыбы әлемдік саясат пен халықаралық қатынастардың өзекті мәселелерінің бірі болып табылады және диссертациялық жұмыстың мазмұны бойынша қазіргі әлеуметтік ғылымдарда маңызды болып табылатын ғылыми бағыттар мен мәселелердің шеңберін қамтиды. Сонымен қатар, ізденуші осы тақырыпты зерттеудің жан-жақты сипаты мен пәнаралық тәсілін жүйелі түрде негіздеген.

Қазіргі кезде халықаралық қатынастардағы «стратегиялық әріптестік» терминін нақтылау арқылы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы серіктестік қарым-қатынасының түрлі астарлары мен болашағын талдау, екі ел арасындағы байланыстардың күрделі мәселелердің шешімін табу және қазіргі заман қауіп-қатеріне қарсы тұру барысында барынша ұлттық мүдде ескерілуі қажеттілігімен де өзектеледі. Тақырыптың өзектілігі ҚР мен ҚХР-ның серіктестігінің перспективасын анықтаудың маңыздылығы тұрғысынан да үлкен ғылыми қызығушылық тудырады.

Ғылыми зерттеуде ұсынылған мына көрсетілген тұжырымдамалар дәлелденген және жеткілікті түрде негізделген:

-Зерттеу жұмысымызда алғаш рет «стратегиялық әріптестік» концептуалдығына теориялық-концептуалдық контекстінде семиосфералық тұрғыда талдау жасау арқылы әріптестік ұғымы нақты салалық қатынас шеңберінде қолданылатын саяси категория болып табылатындығы расталды.

-Ғылыми жұмысында халықаралық қатынастардағы стратегиялық әріптестікті зерттеудің әдіснамалық негіздерін зерделей отырып, Қазақстан мен Қытай арасындағы әріптестік коммуникация тұрақты (константты) ұстаным бола беретінідігі анықталды;

-Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының стратегиялық әріптестігінің эволюциясы екі мемлекет арасындағы дипломатиялық қатынастың динамикасы кезеңдеріне негізделеді;

-Қазақстан мен Қытайдың халықаралық және аймақтық ұйымдар аясындағы әріптестігіне компаративистикалық талдау аталған аймақтық платформа аясында екі ел ынтымақтастығының кешенді екендігін анықтады және халықаралық және аймақтық ұйымдарда әрекеттесуінің экономикалық бағыттары екі ел арасындағы әріптестіктің негізгі буыны болады;

-Қазақстан–Қытай әріптестік қатынастары екі ел арасындағы байланыстың

саяси-құқықтық негіздеріне сүйенеді, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, “Бір белдеу, Бір жол” бастамасы және Орта Азия - Қытай (5+1) форматтары аясында аясында қабылданған құжаттар қазіргі заман талабына толығымен сай келеді және болашақтағы бағыттарын анықтайды;

-Қазақстан Республикасы үшін экономикалық қуатты көршілес елмен стратегиялық әріптестік байланыстарының болашағы зор, елімізді мүддесі мен сыртқы саясатының басты ұстанымын ілгерілету жолында Қазақстан мен Қытай ынтымақтастығы ел арасындағы әріптестіктің негізгі деп танылады.


Жалпы диссертациялық жұмыс докторанттың ұсынып отырған барлық негізгі ережелері мен тұжырымдарын көрсетеді. Құрылымдық жағынан диссертация жүйелі түрде құрылған. Зерттеу жұмысындағы ақпарат қол жетімді ғылыми тілде жазылған және диссертацияның қорғауға алынған барлық негізгі тұжырымдамалық ережелерін ашады.

Ізденушінің зерттеу жұмысы барлық докторлық диссертацияларға қойылатын ғылыми сын мен талаптарға сәйкес жүйелі кезеңділіктен және қорытындыдан тұрады.

Қорыта келе Токеева Асель Амантаевнаның «Стратегиялық әріптестік Қазақстан мен Қытай арасындағы қатынас формасы ретінде» атты диссертациясы жоғарыда аталып өткен сипаттаманы негізге ала отырып «Ғылыми дәрежелерді беру ережелеріне» сәйкестігін растай отырып, «6D020200-Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін лайық деп санаймын.

**Пікір беруші:**

**ҚР БҒМ ҒК Философия,  
саясаттану және дінтану институтының  
аға ғылыми қызметкері, PhD**



**Айтымбетов Н.Ы.**

**Тел:** 87473348642

**E-mail:** aitymbetov\_nurken@mail.ru

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым  
министрлігі Ғылым комитетінің  
“Философия, саясаттану және дінтану институты”  
республикалық мекемесінің аға ғылыми қызметкері  
Республикадағы гуманитарлық ғылымдар  
президенті “Институт философия, идеология  
и религиоведения” Комитета төрағасы Министрліктің  
образованию и науки Республики Казахстан

*Айтымбетов Н.Ы.* қолы  
растаймын  
подпись  
затверяю  
*Айтымбетов Н.Ы.* кадр бөлімі  
отдел кадров